



**Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің ұлгілік шарттының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған ұлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы ұлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанды № 13227 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 24) тармақшасына, 26-бабының 13-тармағына, 38-бабының 3, 5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің ұлгілік шарттының нысаны;

2) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практикадан өткізуге арналған ұлгілік шарттының нысаны;

3) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы ұлгілік шарттының нысаны бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.М. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күн жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым Министрі*

*A. Сәрінжіпов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
2016 жылғы 28 қантардағы  
№ 93 бұйрығына  
1-қосымша  
Нысан

**Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің ұлгілік шарты**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "мектепке дейінгі

**ұйым"**

**деп**

**atalatyn**

---

(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

атынан

басшысы

---

(мектепке дейінгі үйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты, болған жағдайда)

бір

жағынан

және

екінші

жағынан

---

(баланың тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)

бұдан әрі "ата-ана" деп аталатын ата-анасының (баланың занды тұлғаларының) біреуінің

---

(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда)

(бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында

төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

**1. Шарттың мәні**

1. Осы шарт мектепке дейінгі білім беру үйымы мен баланың ата-анасы, өзге де занды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі үйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ак, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

**2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

2. Мектепке дейінгі үйым:

1) мектепке дейінгі үйымның Жарғысын және осы Шартты сақтауға;

2)

---

(білім басқармасының (бөлімінің) атауы)

берген

№

---

,  
(жолдаманың нөмірі және мерзімі)

жолдаманың негізінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабының 5-1) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (бұдан әрі - Стандарт) айқындалған жас кезеңіне сәйкес баланы топқа қабылдауға;

3) баланың өмірімен мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің міндеттін атқарушының 2016

жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14235 тіркелген), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруді, сапалы мекепалды даярлықты, тенгерімді тамақтануды, мүлкін сақтауды (киімі, аяқ-киімі) қамтамасыз етуге;

4) баланың әрекетін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;

5) ата-ананың келісімімен баланы медициналық көрсетілімдер кезінде балалар емханасына тексерілуге жіберуге;

6) бес күндік, алты күндік (керегін сызу) – сағ \_\_\_\_ - \_\_\_\_ дейін мектепке дейінгі ұйымға бару кестесін жасауға;

7) карантин, бала сырқаттанған жағдайда, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделу, сауықтыру, түзету және оналту кезінде (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынғанда), ата-анасының біреуіне немесе басқа да заңды өкілдеріне еңбек демалысын бергенде және жазғы мерзімде баланы сауықтыру үшін екі айға дейін демалысын алған уақытта (ата-ананың жазбаша өтініші негізінде) баланың орнын сақтауға;

8) баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

9) баланы келесі топқа әр жылдың 1-30 тамыз аралығында көшіруге;

10) "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Санитарлық ережелер) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14235 тіркелген), санитарлық ережелердің талаптарын сақтауға міндетті;

10) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрметпен карауға міндетті.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 3. Мектепке дейінгі ұйым:

1) балаға ата-ананың қалауы бойынша қосымша білім беру және сауықтыру қызметтерін ұсынуға (ақылды және ақысызды);

2) баланың тамақтануы үшін ай сайынғы төлемақыны мектепке дейінгі ұйым белгілеген мерзімде уақытылы төленбеген, бала дәлелсіз себептермен және әкімшілікті ескертпей бір айдан астам келмеген, дәрігерлік консультациялық

анықтамасының негізінде оның мектепке дейінгі ұйымға келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде баланы мектепке дейінгі ұйымнан шығаруға;

3) ата-анаға екі тараптың келісімі бойынша мектепке дейінгі ұйымда баланың тамақтануы үшін төлемді кейінге қалдыруға;

4) баланы алкагольді мас күйдегі ата-анасына немесе занды өкіліне, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына бермеуге;

5) ата-ана осы шартта көзделген міндеттерін жүйелі түрде орындаған кезде бұл туралы ата-ананы құнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын шартты бұзуға;

6) өндірістік қажеттілік болған жағдайда топтарды қосуға құқылы.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 4. Ата-ана:

1) мектепке дейінгі ұйым Жарғысы мен осы шартты сақтауға;

2) баланың тамақтануы үшін \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;

3) баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;

4) жақын туысқандарына, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандарға баланы мектепке дейінгі ұйымнан алуды тапсырмауға;

5) баланың болмауы туралы алдын ала мектепке дейінгі ұйымды уақытында хабардар етуге;

6) тұмау немесе жүқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін мектепке дейінгі ұйымға әкелмеуге;

7) мектепке дейінгі ұйымды себепсіз босатпауға. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш күннен астам уақыт болмаған жағдайда Санитарлық ереженің 134-тармағына сәйкес денсаулығы туралы анықтама әкелуге;

8) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда құрмет көрсетуге;

9) тәрбие мен оқытудың барлық мәселелері бойынша "Мектепке дейінгі ұйыммен" өзара іс-қимыл жасауға міндетті;

10) баланың денсаулығына және басқа балаларға байланысты өміріне қауіп келтіретін проблемаларды жасырмауға;

11) баланы, оның қызығушылықтарын ескере отырып:

әдептілікке, тәзімділікке және ұлтаралық келісімге;

кибер мәдениетіне және кибер гигиенасына тәрбиелеуге;

12) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобилльді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға міндетті.

**Ескерту. 4-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

##### **5. Ата-ана:**

1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша және мектепке дейінгі ұйымда қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;

2) мектепке дейінгі ұйымда баланың бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі тараптың келісуімен мектепке дейінгі ұйымда болуға;

3) екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға;

4) Мектепке дейінгі ұйым Жарғысының және осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;

5) алдын ала мектепке дейінгі ұйымды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

##### **3. Білім беру қызметін көрсету ақысының мөлшері және төлеу тәртібі**

6. Баланың тамақтануы және қосымша ақылы қызметтер үшін \_\_\_\_\_ тенге сомасындағы ата-ана төлемі ай сайын ағымдағы айдың 5-не дейін төленеді. Бала дәлелді себептермен ағымдағы төлем жүргізілген айда мектепке дейінгі ұйымға келмеген жағдайда (карантин, демалыс (ата-ананың өтініші), ауру, емдеу, сауықтыру, түзету мен оналту (көрсеткіш бойынша анықтама ұсынған жағдайда), нақты келген күндерінің саны бойынша қайта есептеу келесі айдың басында жүргізіледі және төлем туралы түбіртекке енгізіледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

##### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

7. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындағаны үшін немесе тиесілі орындағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

##### **5. Дауларды шешу тәртібі**

8. Осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлыш шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

9. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлыш шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### 6. Форс-мажор

10. Су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды.

11. Билік пен басқару органдарының Тараптардың тым болмаса біреуінің осы шарт міндеттемелерін орындауды мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады.

12. Тараптардың міндеттемелерді орындауды форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

#### 7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

13. Шарт қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертулуга, толықтырылуы мүмкін.

14. Шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрінде ресімделеді.

15. Шарттың әрекет ету мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін.

16. Осы шарт әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

#### Тараптардың мекенжайы және қолы:

Мектепке	дайынгі	ұйым	Ата-ана:	
(мектепке	дайынгі	ұйымның	атауы)	(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))
Мекенжайы:			Мекенжайы:	
Мектепке	дайынгі	ұйым Төлкүжат	деректері:	
басшысы				
			Жұмыс	орны:
(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))			Лауазымы:	
Колы		Байланыс	деректері	
Мер (мемлекеттк ұйымдарға), (жеке меншік Колы				
ұйымдарға - болған жағдайда)				

Нысаны

Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Білім

беру

ұйымдары

(білім беру ұйымының толық атауы)

мен баланың ата-анасы (занды өкілі) арасындағы өзара қарым-қатынасты  
реттеу мақсатында білім беру ұйымының директоры атынан,

бекітілген

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

білім беру ұйымының Жарғысы негізінде қызмет  
ететін \_\_\_\_\_

бір жағынан және көрсетілген мекен жай бойынша тұратын:

білім

алушының

(баланың тегі, аты, әкесінің аты тұған күні, ЖСН)

ата-анасы (немесе занды  
өкілі) \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

екінші

жақтан,

төмендегілер

туралы

---

осы шартты жасады.

**1. Шарттың мәні**

1. Осы шарт тараптардың құқықтарын мен міндеттерін белгілей отырып анықтайтын білім беру үйымы мен ата-ана (занды өкіл) арасындағы өзара қарым-қатынасты, сондай-ақ білім алушыны (тәрбиеленушіні) тәрбиелеу мен оқыту үшін өзара жауапкершілік тетеігін реттейді.

**2. Орта білім беру үйымының құқықтары және міндеттері**

2. Орта білім беру үйымы:

1) білім алушыдан, ата-анадан (занды өкілдерден) білім беру үйымының Жарғысын, білім беру үйымының ішкі қағидаларын және оның қызметін регламенттей білім беру үйымының актілерін сақтауын талап етуге;

2) білім беру үйымдарының кітапханаларының ақпараттық ресурстарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділік мен қолдануды қамтамасыз етуге;

3) білім беру үйымдарының басшылары бекіткен, актілерге көзделген тәртіппен және шарттарда оқу бағдарламаларының шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін білім алушының компьютер техникасымен қолдануына мүмкіндік беруге;

4) білім алушының ата-анасының немесе занды өкілінің өтініші негізінде мектептен мектепке ауыстыруға;

5) білім алушыларға қосымша білім беру (ақылы және / немесе тегін) қызметтерін ұсыну (үйірмелер, спорт клубтары) құқылы.

3. Орта білім беру үйымы:

1) білім алушыны, ата-ананы (занды өкілді) білім беру үйымының Жарғысымен, білім беру қызметімен айналысуга арналған лицензиямен, білім беру үйымының ішкі тәртіптемесімен және оның қызметін регламенттейтін актілермен таныстыруға;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім алушыны білім, білік, дағдыларды алуды қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" Санитарлық қағидаларына сәйкес

(Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің № 15681 мемлекеттік тізілімінде тіркелген) білім беру және тәрбие үдерісіне жүктелген санитарлық гигиеналық талаптарды сақтауға;

4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 (Қазақстан Республикасы мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 13085 тіркелген) бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге (бұдан әрі - міндettі мектеп формасына қойылатын талаптар);

5) оқу процесі және мектептен тыс, мектептік және сабактан тыс іс-шаралар өткізу барысында мектеп аумағында білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болуға;

ата-аналарының (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісімімен білім алушыларға психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізуге;

білім алушының жеке қасиеттерін ескере отырып, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамгершілігін, физикалық және психологиялық денсаулығын нығайтуға;

6) білім алушының ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрметпен қарауға;

7) Шартты бұзған жағдайда білім алушыға түскен кездегі құжаттарын қайтарып беруге;

8) білім алушының, ата-анасының (заңды өкілінің) келісімінсіз және оқу процесіне залал келтірмей, білім алушыны тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеуге;

9) оқудың толық курсын сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін "Білім туралы мемлекеттік ұлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10348 нөмірімен тіркелген) бекітілген тиісті нысан бойынша білім туралы құжатты беруге міндettі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3. Білім беру ұйымының ата-анасы (немесе заңды өкілінің) құқықтары және міндettтері**

**4. Ата-ана (занды өкілі):**

- 1) баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша білім беру үйымымен өзара қарым-қатынас жасауға;
- 2) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасында көзделген оқыту-тәрбиелеу үдерісін іске асыруға қатысуға;
- 3) ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, ата-аналар жиналыштарының шешімін орындауға;
- 4) ата-аналар комитеті арқылы білім үйымының басқармасы органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайына қатысты ақпаратты алуға;
- 6) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультативтік көмек алуға;
- 7) қосымша (акылы және / немесе тегін) қызметтерді алуға (үйірмелер, спорт клубтары) құқылды.

**5. Ата-ана (немесе занды өкілі):**

- 1) білім беру үйымының Жарғысын және осы шарттың ережесін сақтауға;
- 2) ата-аналар жиналышына баруға, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие үдерісі және нақты педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу үшін әкімшіліктің немесе педагогтердің шақыруы бойынша білім беру үйымына баруға;
- 3) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру үйымдарының білім алушыларына құрмет көрсетуге;
- 4) Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;
- 5) сабактарда баланың болмау себебі туралы білім беру үйымын хабардар етуғе;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес білім беру үйымына оқушының кінәсінен келтірілген материалдық залалды өтеуге;
- 7) мектеп аумағынан тыс (мектепке дейін және мектептен кейін) білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік алуға, құқығы мен еркіндігін қорғауға;
- 8) педагогтермен білім алушыны тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша байланыста болуға, кері байланысты жүзеге асыруға;
- 9) баланы, оның қызығушылықтарын ескере келе:

әдептілікке, төзімділікке, академиялық адалдыққа және ұлтаралық келісімге; кибермәдениетке және кибергигиенага тәрбиелеуге;

10) баланың қажеттіліктерін ескере отырып мобиЛЬДІ құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға;

11) қашықтан оқыту арқылы оқытудың нұсқаулықтарын, бағдарламаларын іске асыру және орнату бойынша білім алушыға қолдау көрсетуге міндетті.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.04.2020 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 06.05.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

6. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындағаны үшін немесе тиесілі орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### **5. Дауларды шешу тәртібі**

7. Осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

8. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

#### **6. Форс-мажор**

9. Соғыс, өрт, басқа да табиғи апаттар, соғыс немесе әскери іс-қимылдар сияқты форс-мажорлы жағдайында, сондай-ақ Тараптардың бақылауына негізделмеген және шарт жасасқаннан кейін болған кез келген басқа жағдайларда Тараптардың жауапкершілігі орын алмайды.

10. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

#### **7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі**

11. Осы шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және оның толық орындалуына дейін жарамды. Жаңа шарт жасаған кезде жаңа келісім жасасу кезінде белгіленген шарттар қолданыста болады.

12. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертулуй мүмкін.

13. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату білім беру үйымының басшысының тиісті бұйрығын жариялау мерзімі болып табылады.

14. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен екі данада, ал тапсырыс берушінің қатысуымен үш данада жасалады, бір данадан әр тарапқа беріледі.

15. Осы Шарттың тараптары "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабында және тараптардың - білім беру үйымдары мен ата-аналардың (занды өкілдері) келісімі бойынша бекітілген білім беру үйымдарындағы оқушылардың құқықтары мен міндеттерін сақтау жөніндегі міндеттемелерін растайды.

#### Осы шартқа қол қойған тараптар

Білім беру үйымы	Ата-ана (занды өкіл)
(білім беру үйымының атауы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) Мекен-жайы:	Мекен-жайы:
Білім беру үйымының басшысы Паспорт мәліметтері: (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) лауазымы: Колы	жұмыс орны: Байланыс мәліметтері Жеке
Мер (мемлекеттік үйымдар үшін), үйимдарга - бар болған жағдайда)	Колы

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 28 қантардағы  
№ 93 бұйрығына  
3 косымша  
Нысаны

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты**

**Ескеरту.** 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 27.08.2021 № 432 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

негізінде әрекет етуші (құрылтайшы күжаттардың реквизиттері)  
атынан,  
(білім беру үйымының атауы, білім беру қызметімен айналысу үшін мемлекеттік лицензияның №) бұдан әрі "білім беру үйымы" деп аталатын  
  
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) бір жағынан

және бұдан әрі "білім алушы" (немесе занды өкілі) деп аталатын

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) екінші жақтан,

немесе негізінде және (курылтайшы құжаттардың реквизиттері) азамат(ша)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) мүддесі үшін әрекет етуші

(занды тұлғасы басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты,

әкесінің аты (бар болған жағдайда)) атынан, бұдан әрі "тапсырыс беруші" деп алатын (жеке

тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе занды тұлғаның атауы) екінші жақтан төмендегілер туралы осы шартты жасады.

## **1. Шарттың мәні**

1. Тапсырыс беруші немесе білім алушы (немесе занды өкілі) тапсырады және төлейді, ал техникалық және кәсіптік білім беру үйымы білім алушыға тиісті мамандық оқыту нысаны бойынша білім беру үйымының оқу жоспарларына сәйкес білім алушы үшін оқу процесін үйымдастыруды және білім алушыға білім беру қызметтерін алу мүмкіндігін ұсынуды өз міндетіне алады.

## **2. Білім беру үйымының құқықтары мен міндеттері**

2. Білім беру үйымы:

1) осы Келісімге, білім беру үйымының жарғысына, білім беру үйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру үйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындауды талап етуге;

2) білім алушыға ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру үйымының жарғысында және осы Шарттың талаптарында көзделген міндеттерін бұзғаны үшін ақшалай баламада көрсетілген санкциялардан басқа тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру үйымының мүлігіне мүқият қарауды, компьютермен және басқа жабдықпен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге. Білім алушының әрекеттерінен келтірілген материалдық залал болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген

тәртіппен оны қалпына келтірге жұмсалған шығындар үшін өтемақы талап етуге;

4) білім алушыны білім беру, ғылыми және шығармашылық қызметте табысқа жеткені үшін марапаттауға және ынталандыруға;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 тіркелген) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларында (бұдан әрі - ағымды бақылауды жүргізу қағидалары) көрсетілген себептер бойынша, сондай-ақ білім беру ұйымының Жарғысын бұзған жағдайда Шартты біржакты тәртіпте тоқтатуға құқылы;

### 3. Білім беру ұйымы:

1) білім алушы білім беру ұйымының Жарғысымен, ішкі тәртіп қағидаларымен, оның қызметін реттейтін білім беру ұйымының актілерімен таныстыруға;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының талаптарына сәйкес білім алушыны оқытууды қамтамасыз етуге;

3) қабылдау емтихандарының (сұхбаттасу) қорытындылары бойынша (немесе академиялық қарыз жабылған жағдайда басқа білім беру ұйымынан ауысу арқылы) білім ұйымының студенттері қатарына жыл сайынғы төлемнің \_\_\_\_ % мөлшерін ол немесе тапсырыс беруші (үәкіл) төлеген жағдайда білім алушыны қабылдауға;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15681 тіркелген) бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық қағидаларына сәйкес оқу жүктемесін анықтауға;

5) білім ұйымдарының кітапхана ресурстарына (оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға) қол жеткізу ді қамтамасыз етуге;

6) білім алушыларға білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу бағдарламалары шенберінде тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалануға мүмкіндік беруге;

7) білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру ұйымының оқу жоспарына сәйкес білім алушының кәсіби практикадан өтуін ұйымдастыруға;

8) білім алушының өтініші негізінде бір мамандықтан келесі мамандыққа немесе бір оқу нысанынан басқасына, сондай-ақ, қатар басқа білім беру үйімінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қантардағы №19 (бұдан әрі – ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары) бүйріғында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10297 тіркелген) бекітілген "Білім алушыларды білім беру үйімдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсете

қағидаларына (бұдан әрі – білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары) сәйкес ауыстыруға және қайта қабылдауға;

9) Шарт бұзылған жағдайда білім алушыға бүйріқ шығарылған сәттен бастап, ағымдағы оқу жылшының шығындарын есептей отырып, төленген соманы қайтаруға;

10) білім алушыға үйімшінде ғылыми, мәдени және спорттық шараларына қатысуына мүмкіндік беруге;

11) оқудың толық курсын сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бүйріғымен бекітілген "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру үйімдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 тіркелген) тиісті нысанда білім туралы құжат беруге;

12) білім беру үйімі таратылған немесе білім беру қызметін тоқтатқан жағдайда, білім алушыларды басқа білім беру үйімдарында оқуын жалғастыру үшін ауыстыру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

### **3. Білім алушының құқықтары мен міндеттері**

#### **4. Білім алушы:**

1) ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен, бір білім беру үйімшінан екінші білім беру үйімінде ауысуға және қайта оқуға қабылдануға, бір мамандықтан басқа мамандыққа, ақылы оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуға немесе бір оқыту нысанынан басқасына ауысуға;

2) оқу ақысын кезең-кезеңімен төлеуге, бұл ретте оқу шығыстары нақты ұлғайған жағдайда тараптардың келісімі бойынша жылшына бір реттен артық емес төлемақы мөлшері өзгеруі мүмкін;

3) мемлекеттік емес жалпыға міндетті білім беру стандартының қосымша білім беру (ақылы және тегін) қызметтерін алуға;

4) кітапхана мен оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қолжеткізуге және пайдалануға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға құқылы;

#### 5. Білім алушы:

1) білім беру үйымының Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын және білім беру үйымының қызметтің регламеттейтін білім беру актілерін орындауға;

2) білім беру үйымының мүлкін күтіп ұстауға және орынды пайдалануға, оқуда және жатақханада тұру кезінде қолайлыш жағдай жасауға қатысуға (егер ұсынылса);

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 тіркелген) Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылышыларды әскери есепке алу қағидаларына сәйкес әскери есепке алу қағидаларын сақтауға;

4) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру үйымдарының білім алушыларына құрмет көрсетуге;

5) білім беру үйымында болмаған күннен бастап бір апта ішінде жазбаша түрде сабакта болмаған жағдайда білім беру үйымын хабарлауға;

6) отбасылық мәртебесі және байланыс ақпараты өзгерген жағдайда білім беру үйымына есеп беруге (түрғылықты жері, телефон нөмірі, электронды пошта және т.б.);

7) амбулаториялық немесе стационарлық ем қабылдаған жағдайда растайтын құжаттарды табыс ете отырып, білім беру үйымына хабарлауға міндетті.

#### 4. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері

6. Тапсырыс беруші (тапсырыс болған жағдайда):

1) ұсынылатын білім беру қызметтері үшін уақытылы ақы төлеуге міндетті;

7. Тапсырыс беруші (тапсырыс болған жағдайда):

1) осы Шартқа сәйкес білім алушыдан өз міндеттерін және адал тиісті түрде орындауды талап етуге құқылы.

#### 5. Тараптардың жауапкершіліктері

8. Осы Келісімде көзделген өз міндеттемелерін орындағаны үшін немесе тиесілі орындағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### 6. Дауларды шешу тәртібі

9. Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар өзара тиімді шешімдерді өзірлеу мақсатында тараптармен тікелей шешіледі.

10. Тараптардың келіссөздер жолымен шешілмеген мәселелер, өзара тиімді шешімдерді өзірлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі**

11. Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне өнеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

12. Осы шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімдері бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

13. Осы шарт үш данада жасалады мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен жасалады және әрбір тарапқа бір данадан беріледі.

### **14. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:**

Білім беру үйімдегі:

Білім алушы (заңды тұлға немесе тапсырыс беруші):

(Білім беру үйімдегі)	Білім алушының, заңды өкілінің, тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
(заңды)	атауы) (тұган күні, айы, жылы, ЖСН, жеке күәлігінің №, қай мерзімде және кіммен берілді)
(байланыс телефон)	мекенжайы) (үй заңды мекенжайы, білім алушы немесе Білім беру үйімдегі тұлғаның байланыс телефоны)
(байланыс телефон)	нөмірі) (қолы) Басшысы
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Мөр (мемлекеттік үйімдары үшін), (тұган күні, айы, жылы, ЖСН, жеке күәлігінің жеке үйімдар үшін – бар болған жағдайда)	(Тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))
	(үй мекенжайы, байланыс телефоны)
	(қолы)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 28 қантардағы  
№ 93 бұйрығына  
4-косымша  
Нысаны

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйімдары үшін кәсіптік практиканы откізуге арналған үлгілік шарт**

Ескеरту. 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

\_\_\_\_\_ қаласы

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

негізінде әрекет етуші

(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

(білім беру ұйымның атауы)

бұдан      әрі      "білім      беру      ұйымы"      деп      аталатын

\_\_\_\_\_ атынан,

(басшының немесе басқа өкілдегі тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда))

бір жағынан,

негізінде әрекет етуші

(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

\_\_\_\_\_ атынан,

(басшының немесе басқа өкілдегі тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда))

бұдан      әрі      "кәсіпорын      (ұйым)"      деп      аталатын

(кәсіпорынның атауы)

деп аталатын екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес

төмендегілер туралы осы шартты жасады:

**1. Шарттың мәні**

1. Білім беру үйымы 20\_\_ жылы түскен

---

(мамандықтың коды және атауы) мамандығының (біліктіліктің)

---

---

(білім беру бағдарламаның атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыны оқытуды жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын (үйым) білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

**2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

3. Білім беру үйымы:

1) осы Келісімге, білім беру үйымының жарғысына, білім беру үйымының ішкі тәртіп

қағидаларына және білім беру үйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім

алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындаудын талап етуге құқылы.

4. Білім беру үйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) \_\_\_\_\_ оку нысаны бойынша

---

(мамандықтың коды және атауы)

---

---

мамандық бойынша оқитын білім алушыны оқу үдерісінің кестесіне сәйкес  
практиканан өту үшін кәсіпорынга жіберу;  
(практика түрі);

2) білім алушыны осы Шартта көрсетілген міндеттер мен жауапкершілікпен  
тансыстыру;

3) кәсіптік практиканың бағдарламасын және кәсіптік практикадан өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге өзірлеу және келісу;

4) кәсіпорынға (ұйымға) кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бүрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

5) білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекіту;

6) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

7) білім беру бағдарламасы мен оқу процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтудің ұйымдастыру және мерзімді бақылауды жүзеге асыру;

8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуға әдістемелік көмек көрсету;

9) қажеттілігіне қарай кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

10) егер олар практикадан өту барысында білім алушының қатысуымен жазатайым оқығалар болған жағдайда оларды тергеуге қатысу;

11) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

#### **Кәсіпорынның (ұйымның) міндеттері мен құқықтары**

##### **5. Кәсіпорын:**

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын өзірлеуге қатысуға;

2) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға;

5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап етуге құқылы.

##### **6. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:**

1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы)

қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының қауіпсіз еңбекті әдістеріне оқытууды жүргізу;

2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде алған мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін түлектің кандидатурасын қарастыру;

3) білім беру үйымына оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтар бойынша кәсіби практикаға жолдамаға сай білім алушыны қабылдау;

5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуді қамтамасыз ету;

7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша, өндірістік оқыту немесе кәсіптік практика бағдарламалары бойынша ұлгірмеуі, сонымен қатар физикалық және психологиялық жағдайдың сәйкес келмеуі барлық оқығалар туралы білім беру үйымын хабардар ету;

8) білім алушының кәсіби практиканың бағдарламасын толық игеруі және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сыйбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарында қажетті жағдай жасау;

9) кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және кәсіби практикадан өту сапасын бағалау.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі**

7. Тараптар осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

### **4. Дауларды шешудің тәртібі**

8. Осы Келісімді орындау үдерісінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

9. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

### **5. Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзы тәртібі**

10. Осы Келісім тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

11. Осы Келісімнің ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып, өзгертілуі мүмкін.

12. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң құшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

13. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

Білім	беру	ұйымы: Кәсіпорын	(ұйым):
(білім	беру	ұйымның атауы) (кәсіпорынның, және тағы мекеменің, баска ұйымның тауы)	
(заңды		мекен-жайы) (заңды	мекен-жайы)
(кала телефоны,	коды	көрсетілген факс байланыс нөмірі) (кала коды көрсетілген байланыс	
Білім	беру	ұйымның басшысы телефоны, факс нөмірі)	Басшы
(Тегі, бар Мөр (жеке меншік мекемелерде болған жағдайда),	аты, болған (мемлекеттік мекемелер	аты қолы) (Тегі, аты, әкесінің әкесінің аты, қолы) (Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін), үшін), (жеке меншік мекемелерде болған жағдайда)	аты, әкесінің аты, қолы) (Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін), үшін), (жеке меншік мекемелерде болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2016 жылғы 28 қантардағы  
№ 93 бұйрығына  
5-қосымша  
Нысаны

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы  
ұлгілік шарт

Ескеरту. 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 02.11.2018 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 27.08.2021 № 432 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ қаласы (аудан, ауыл) 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ,  
негізінде  
әрекет етуші (құрылтайшы құжаттардың реквизиттері) атынан,  
(білім  
беру ұйымның атауы)  
  
бұдан әрі "білім беру ұйымы" деп аталатын

бір жағынан, \_\_\_\_\_  
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған  
жағдайда)) негізінде әрекет етуші

---

(курылтайшы құжаттардың реквизиттері)  
атынан,  
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған  
жағдайда) бұдан әрі "кәсіпорын (ұйым)" деп аталатын  
(кәсіпорынның атауы)

---

Жеке төлқүжаттың/туу туралы куәліктің ЖСН \_\_\_\_\_, \_\_\_\_ жылғы  
" " \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берген, бұдан әрі "білім алушы" аталатын және  
оның занды өкілімен (білім алушы кәмелетке толмаған жағдайда)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Жеке төлқүжаттың ЖСН  
\_\_\_\_\_, \_\_\_\_ жылғы " " \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ ерген, ушінші жақтан, бірге "Тараптар" деп аталатын осы техникалық және кәсіптік,  
орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы осы  
Шарт жасасты.

### **1. Дуальды оқыту туралы шарттың мәні**

1. Осы дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасы Еңбек  
кодексінің 119 - бабымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрінің 2016 жылғы 21 қантардағы № 50 бүйрекшімен (Нормативтік  
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13422 тіркелген) бекітілген  
дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына және кәсіпорын (ұйымның)  
жарғысының \_\_\_\_\_ тармағына сәйкес жасалды.

2. Оқу орны 20 \_\_\_\_\_ жылды түскен

---

(мамандықтың коды және атауы) мамандығының  
(біліктіліктің)

---

(білім беру бағдарламасының атауы) білім беру бағдарламасы бойынша білім  
алушының оқуын жүзеге асырады.

3. Кәсіпорын (ұйым) білім алушыны тиісті жұмыс жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

4. Білім алушы өндірістік, еңбек функцияларын және тапсырмаларды білікті орындауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілікке ие болу үшін білім беру бағдарламаларын менгереді.

## **2. Дуальды оқыту туралы шарттың әрекет ету мерзімі**

5. Дуальды оқыту туралы шарттың қолданылу мерзімі оған қол қойылған сэттен бастап күшіне енеді және оқу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Кәсіпорын (ұйым) осы дуальды оқыту туралы, білім алушының кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практикадан өтуі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшаны толтырады.

Дуальды оқыту туралы шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде бұзылуы мүмкін.

6. Білім алушыны жұмыс орнына қабылдау осы дуальды оқыту туралы шарттың негізінде шығарылатын басшысының бүйрығымен немесе кәсіпорынның (ұйымның) құрылымды бөлімшесінің өкімімен рәсімделеді.

## **3. Білім алушының құқықтары және міндеттері**

7. Білім алушы:

1) қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

2) кәсіпорында бекітілген жетекшісінің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оку-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;

3) өндірістік оқыту мен кәсіби практиканы өту барысында денсаулығына зақым келген зиянның өтеуіне;

4) белгілі бір мамандық бойынша біліктіліктің тиісті деңгейін тағайындау және белгіленген үлгідегі біліктілікті беру туралы куәлікті (сертификатты) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бүйрығымен бекітілген "Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру үйимдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы" (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10348 тіркелген" нысанға сәйкес алуға құқылы.

#### 8. Білім алушы:

1) өндірістік оқыту және кәсіптік практика орнында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтауға;

2) кәсіпорынның (ұйымдардың) жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарауға;

3) өндірістік оқыту және кәсіптік практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтауға және орындауға;

4) өндірістік оқыту және кәсіби практикадан өту үшін белгіленген мерзімде кәсіпорынның қарауына келуге;

5) өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеуге;

6) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы өту туралы күнделік жүргізуге, тәлімгерге немесе практика жетекшісіне орындаған жұмыс туралы есеп беруге;

7) кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнындағы сабакқа хабарлау келмеген жағдайда бұл туралы кәсіпорынға (ұйымға), оқу орнынға себебін айтып және ауру немесе жазатайым оқиға болған жағдайда, З күн ішінде тиісті медициналық анақтаманы жіберуге;

8) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін кәсіпорын (ұйым) ұйымдастыратын кіріспе және өндірістік нұсқаулықтан өтуге;

9) оқу процесінің кестесіне сәйкес өндірістік оқудан және кәсіби практикадан уақтылы өтуге міндетті.

#### 4. Кәсіпорынның (ұйымның) құқықтары және міндеттемелері

##### 9. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес күнтізбелік кестелерді және білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;

2) кәсіпорынның қажетtelіктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға құқылы.

##### 10. Кәсіпорын:

1) тәлімгерді бекітуге – өндірістік оқытуды және кәсіптік практикаға басшылық ететін өндіріс және қызмет көрсету саласындағы технологияларды менгерген өндірістің (ұйымның) білікті маманы.

2) оқу орнымен бірге білім беру бағдарламасын, мамандық бойынша жұмыстың оқу жоспарын, оқу процесінің жылдық құнтізбелік кесте, дуальды білім беру шенберінде білім беру процесін қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын әзірлеу және келісу;

3) білім алушына дуальды оқытудан өту барысында, құпия және заңмен қорғалатын ақпаратты қоспағанда, арнайы киіммен (формамен), оқыту құралдарымен, қолданыстағы нормативтерге сәйкес шығыс материалдарымен, практикалық материалдар мен процеске қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушыны еңбек қауіпсіздігінің әдістеріне оқытуды жүргізуге;

5) оқу үдерісінің тізбесіне және (немесе) құнтізбелік кестеге, білім беру бағдарламаларына сәйкес өндірістік оқытуды және кәсіптік практика өткізу үшін жұмыс орындарын ұсынуға;

6) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеуге;

7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның (ұйымның) ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар етуге;

8) білім алушының жеке тапсырмаларды орындауды үшін қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапханаларды, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалануға мүмкіндік беруге;

9) өндірістік оқыту және кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және дуальды оқытуды өту сапасын бағалауға;

10) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне және шарттың талаптарына сәйкес білім алушыға өтемақы төлемін қамтамасыз етуді қарастыруға;

11) тиісті бос орын болған жағдайда, оқыған мамандығына (біліктілік) сәйкес жұмысқа қабылдау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектің кандидатурасын қарауға;

12) өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін білім алушыға кіріспе және (немесе) өндірістік нұсқама өткізуге;

13) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практиканан өтуін растауға міндетті.

11. Тәлімгер:

1) білім алушыны практикалық тәсілдерге және лауазымдық міндеттер мен тапсырмаларды сапалы орындау әдістеріне оқытуға;

2) кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушыны оқытууды жүзеге асыруға;

3) білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуына бақылауға;

4) білім алушыларға жіберілген қателіктерді анықтауға және бірлесіп жоюға, орын алған кемшіліктерді жоюға көмек көрсетуге;

5) білім алушының бойында өзінің кәсіби міндеттерін орындауға жауапты қарауға, сондай-ақ жұмыстағы әріптеріне дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға;

6) білім алушыдан өндірістік қызметпен байланысты мәселелер бойынша тапсырмаларды орындаудын талап ету;

7) білім алушыдан ауызша және жазбаша нысанда жұмыс есептерін талап етуге;

8) білім алушыға жұмысшы разрядын беру және оның кәсіби мінездемесін талқылауға қатысу туралы ұсыныс енгізуге;

9) білім алушыға пікір жазуға;

10) осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаға сәйкес білім алушылардың кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқудан және кәсіптік практиканан өтуін растауға міндетті.

**5. Білім беру ұйымының құқықтары және міндеттемелері:**

12. Оқу орны осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындаудын талап етуге құқылы.

13. Оқу орны өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) оқу процесінің тізбесіне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практиканан өту үшін білім алушыны кәсіпорынға (ұйымға) жіберуге;

2) білім алушыны осы дуальды оқыту туралы шартта белгіленген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыруға;

3) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оқу жұмыс жоспарын өтудің білім беру бағдарламасын және күнтібелік кестесін кәсіпорынның мен өкілімен бірге әзірлеуге және келісуге;

4) оқу орнының тиісті мамандықтары бойынша өндірістік оқыту шеберлері немесе оқытушылар арасынан оқу орны басшысының бұйрығымен өндірістік оқыту және кәсіптік практика жетекшілерін тағайындауға;

5) білім алушылардың осы кәсіпорынның (ұйымның) қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауына ықпал етуге;

6) білім беру бағдарламасы мен оку процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының өндірістік оқыту, кәсіптік практиканан өтуін ұйымдастыру және мерзімді бақылауға;

7) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың өндірістік оқыту мен кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуға әдістемелік көмек көрсетуге;

8) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беруге;

9) жазатайым оқигаларды, егер өндірістік оқыту және кәсіптік практиканан өту барысында білім алушының қатысуымен болған жағдайда тергеуге қатысу;

10) өндірістік оқытууды және кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметтер үшін тәлімгерге ақы төлеуді жүргізу міндетті.

## **6. Өтемақы төлемдерін төлеу**

14. Білім алушыға өтемақы төлемін кәсіпорын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңі үшін жүзеге асырады.

15. Өтемақы төлеу көлемі кәсіпорынның (ұйымның) ұйғаруы бойынша белгіленеді.

## **7. Еңбекті қорғау**

16. Кәсіпорын (ұйым) оқушыны қауіпсіз жұмыс жағдайымен қамтамасыз етеді.

17. Кәсіпорын (ұйым) оқыту, нұсқау, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексереді, сондай-ақ жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде меншікті және тартылған қаражат есебінен өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибелі қауіпсіз жүргізу бойынша материалдармен қамтамасыз етеді.

18. Білім алушы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды орындауға міндетті.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**

19. Тараптарға осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылық жүктеледі.

## **9. Дауларды шешудің тәртібі**

20. Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешу мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.

21. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

## 10. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

22. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертулуй мүмкін.

23. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен үш данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

24. Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік реквизиттері:

Білім беру үйымы:

Білім алушы:

Кәсіпорын (үйым):

(білім беру үйымның атауы)	(Тегі, аты, әкесінің аты бар болған жағдайда))	(Кәсіпорынның, мекеменін, (Тұган күні, ЖСН; күлік №, үйымның және тағы басқа) қашан және кіммен берілді)
(заңды мекен-жайы)		(Тұрғылықты мекен-жайы, телефон) (заңды мекен-жайы)
(байланыс телефонының нөмірі)		(қолы) Заңды өкілі (ата-ана) (байланыс телефонының нөмірі)
Білім беру үйымның басшысы		(Тегі, аты, әкесінің аты Басшы бар болған жағдайда))
(Тегі, аты, әкесінің аты бар болған жағдайда), қолы)		(Тегі, аты, әкесінің аты (Тұган күні, ЖСН; күлік №, (бар болған жағдайда), қолы) қашан және кіммен берілді) Мөр (мемлекеттік мекемелер үшін), (жеке меншік мекемелерде - болған жағдайда) (Тұрғылықты мекен-жай, телефон) жағдайда)
(қолы)		

Техникалық және кәсіптік орта  
білімнен кейінгі білім беру  
үйимдары үшін дуальды оқыту  
туралы шартқа  
Қосымша

№ \_\_\_\_\_  
(күні, айы, жылы)

\_\_\_\_\_ (кәсіпорынның (үйымның) атауы)

білім алушы (Тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда))

(оку орнының атауы) курс  
бойынша(мамандық және біліктілік атауы)базасында өндірістік оқудан және кәсіби практикадан өтті

---

(кәсіпорынның немесе ұйымның атауы)бойынша

---

(өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың басталу және аяқталу күні, айы, жылды практиканың әрбір кезеңіне толтырылады)

---

және функционалдық міндеттерін атқарды

---

(лауазым атауы)

Келісілді: Тәлімгер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Кәсіпорын (ұйым) басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Білім алушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 28 қантардағы

№ 93 бұйрығына

З-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің күші жойылған кейір бұйрықтарының тізбесі

1) "Кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 582 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5053 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2008 жылғы 29 қантардағы № 13 (1413) санында жарияланған);

2) "Білім беру қызметтерін көрсету үлгі шарттының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 621 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5070 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2008 жылғы 25 қантардағы № 12 (1412) санында жарияланған);

3) "Білім беру қызметтерін көрсету үлгі шарттының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2007 жылғы 12

желтоқсандағы № 621 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 23 тамыздағы № 396 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7918 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 696-701 (27773) санында жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК